

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№3 мәжілісінің хаттамасы

17.11.2025 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-5 курс координаторы, магистр оқытушы Бабажанова У.М., және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Аймаханов М.С., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Тастемирова Б.Т., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жок

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Т.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

2. Дипломдық, магистрлік, докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

6. Әртүрлі мәселелер.

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова сөз алып, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша қорытынды аттестациялық пәндердің тізімін бекіту жұмыстары пән оқытушысы және кафедра меңгерушісі тарапынан қадағаланып отыратындығын баяндады.

Кафедра меңгерушілері сөз алып, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша емтихан түріне ұсыныс беріліп, емтихан қабылдау түрлері анықталғандығын, соған байланысты аралық бақылау және емтихан сұрақтары дайындалғандығын мәлімдеді. Блум таксономиясы бойынша емтиханның тест сұрақтарының 1 курстар үшін есте сақтау - 70%, түсіну - 20%, қолдану - 10%, 2 курстар үшін есте сақтау - 50%, түсіну - 30%, қолдану - 20%, 3 курстар үшін есте сақтау - 40%, түсіну - 30%, қолдану - 30%, 4,5 курстар үшін есте сақтау - 10%, түсіну - 30%, қолдану - 60% құрау керектігі ескертілді.

ШЕШІМ 1.: қорытынды аттестациялық пәндердің тізімін бекіту, ұйымдастыру және орындалу барысы туралы мәліметтер назарға алынсын, кафедралардың қысқы сессия емтихандарына дайындық жұмыстарының деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін. Емтихан сұрақтары бекітілсін және қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2. Дипломдық, магистрлік, докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.О. Нускабаева сөз алып, 2025-2026 оқу жылында факультетімізге 7М10131-Медицина беру бағдарламасы бойынша – 4 магистрант, 8D10110-Медицина білім беру бағдарламасы бойынша – 8 докторант, 8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасы бойынша – 12 докторанттың қабылданғанын жеткізді. Осы жылы магистратураға және докторантураға қабылданған докторант және магистранттардың тақырып және жетекші мәліметтері бойынша 5-6 курс және магистратура, докторантура координаторы А.М. Шойбекке сөз берді.

1-5 курс және магистратура, докторантура координаторы магистр оқытушы Бабажанова У.М., 7М10131-Медицина және 7М10144-Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламалары бойынша қабылданған 1 курс магистрантарына ғылыми жетекші болуға қатысты шарттармен таныстыра отырып, ғылыми жетекшілікке ұсынылатын оқытушы-профессорлардың құжаттарына тоқталды. 10-қосымшасы бойынша сәйкестігімен таныстырды. 2025-2026 оқу жылында Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасына қарасты 1-курс магистранттарының диссертациялық жұмыс тақырыбы мен ғылыми жетекшілері ұсынылды. Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылында 8D10110-Медицина және 8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау докторантура білім беру бағдарламаларына қабылданған 1 курс докторанттарының да ғылыми жетекшілікке тізімін ұсынды.

2025-2026 оқу жылында Медицина факультетінің 1-курс докторанттарының докторлық диссертациясының тақырыбын төмендегі кесте бойынша бекітуді ұсынамын.

№	Докторанттың аты-жөні	Ғылыми жетекшінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы және лауазымы/ Tez Danışmanı, Ünvanı	Докторлық диссертация тақырыбы			
			Қазақ тілінде/ Kazakça	Орыс тілінде/ Rusça	Ағылшын тілінде/ İngilizce	Түрік тілінде/ Türkçe
8D10110-Медицина БББ						
1	Кистаубаев Мадияр Умралиевич	Гайпов Абдужаппар Эркинович, PhD, қауымдастырылған профессор	Бауыр циррозы кезінде рефрактерлі ісіну-асциттік синдромы бар науқастарда оқшауланған ультрафилтрацияның тиімділігі	Эффективность изолированной ультрафилтрации у пациентов с рефрактерным отеочно-асцитическим синдромом при циррозе печени	Efficacy of isolated ultrafiltration in patients with liver cirrhosis and refractory edematous-ascitic syndrome	Karaciğer sirozuna bağlı refrakter ödemli-asit sendromlu hastalarda izole ultrafiltrasyonun etkinliği
2	Аязбаева Ғайни Бақытқызы	Искандирова Эльмира Джапаровна – м.ғ.к., қауымдастырылған профессор	Криптогенді холестаз кезіндегі бауырдың морфологиялық өзгерістерінің диагностикалық және болжамдық маңызы: клиникалық-зертханалық	Диагностическая и прогностическая роль морфологических изменений печени при криптогенном холестазе: сопоставление с клинико-лабораторными	Diagnostic and prognostic value of morphological changes in cryptogenic cholestasis: a comparative analysis with laboratory findings	Kriptojenik kolestazda karaciğer morfolojik değişikliklerinin tanınması ve prognostik önemi: klinik ve laboratuvar verileriyle karşılaştırma

			деректермен салыстыру	ми данними		
3	Анарбаева Асель Абдикадыровна	Садыкова Қарлығаш Жарылкасынова, PhD, қауымдастыр ылған профессор	Метаболизмді к синдромның клиникалық- метаболикалы қ көрсеткіштерін ің және минералдық алмасу жағдайының генетикалық факторлармен өзара байланысы	Взаимосвязь генетических факторов с состоянием минерального обмена и клинико- метаболическ ими показателями метаболическ ого синдрома	Relationship between clinical- metabolic parameters of metabolic syndrome, mineral metabolism status, and genetic factors	Genetik faktörlerin mineral metabolizması ve metabolik sendromun klinik-metabolik göstergeleri ile ilişkilendirilmes i.
4	Мамраимова Дилфуза Нарзуллаевна	Нускабаева Гулназ Оразбековна, м.ғ.к., қауымдастыр ылған профессор	Метаболизмді к синдромы бар адамдарда генетикалық маркерлердің иммундық статус жағдайымен ассоциациясы	Ассоциация генетических маркеров с состоянием иммунного статуса у лиц с метаболическ им синдромом	Association between genetic markers and immune status in individuals with metabolic syndrome	Metabolik sendromlu bireylerde genetik belirteçlerin bağışıklık durumu ile ilişkisi

8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау БББ

1	Шойбек Азамат Маратұлы	Аязбеков Ардақ Керимханови ч, PhD, доцент м.а.	Перинаталдық орталықтағы инфекциялық қауіпсіздік қызметін кешенді эпидемиология лық талдау негізінде жетілдіру	Совершенств ование службы инфекционно й безопасности в перинатально м центре на основе комплексного эпидемиологи ческого анализа	Enhancing infection control services in a perinatal center through comprehensive epidemiological analysis	Kapsamlı epidemiyojik analiz temelinde perinatal merkezde enfeksiyon güvenliği hizmetinin geliştirilmesi
2	Бегдилдаев Алмас Танатарович	Қырыкбаева Салтанат Саятовна, PhD, аға оқытушы	Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерді амбулаториял ық деңгейде бақылауды жасанды интеллект технологиялар ын пайдалана отырып жетілдіру	Совершенств ование амбулаторног о наблюдения пациентов с хронической сердечной недостаточно стью с использовани ем технологий искусственно го интеллекта	Improving Outpatient Management of Patients with Chronic Heart Failure Using Artificial Intelligence Technologies	Kronik kalp yetersizliği olan hastalarını ayaktan izlem ve takibinin yapay zekâ teknolojileri kullanılarak geliştirilmesi
3	Алибеков	Қырыкбаева	Пациенттерге	Организацион	Organizational	STEMI'de hasta

	Алмас	Салтанат Саятовна, PhD, аға оқытушы	STEMI кезінде медициналық көмекті маршруттауды оңтайландыру негізінде жетілдірудің ұйымдастырушылық моделі	ная модель совершенствования медицинской помощи пациентам со STEMI на основе оптимизации маршрутизации	model for improving medical care for STEMI based on optimizing patient routing.	yönlendirmesini n optimizasyonun a dayalı olarak tıbbi bakımın iyileştirilmesine yönelik organizasyonel model
4	Рахимжанова Улзат Орынтаевна	Аязбеков Ардақ Керимханович, PhD, доцент м.а.	Туу деңгейі жоғары аймақтағы босанғаннан кейінгі депрессияның эпидемиологиясы және медициналық-әлеуметтік детерминанттары (Түркістан облысы мысалында)	Эпидемиология и медико-социальные детерминанты послеродовой депрессии в регионе с высокой рождаемостью (на примере Туркестанской области)	Epidemiology of postpartum depression and socio-medical determinants in a high-fertility region: a case study of Turkestan Region	Yüksek doğum oranına sahip bir bölgede doğum sonrası depresyonun epidemiyolojisi ve tıbbi-sosyal belirleyicileri (Türkistan bölgesi örneği)
5	Торғауытова Жансая Ермуратовна	Аязбеков Ардақ Керимханович, PhD, доцент м.а.	Туу деңгейі жоғары өңірде жүкті әйелдерге медико-генетикалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру (Түркістан облысының мысалында)	Совершенствование оказания медико-генетической помощи беременным в условиях региона с высокой рождаемостью (на примере Туркестанской области)	Improving the organization of medical-genetic care for pregnant women in a high-fertility region: a case study of Turkestan Region	Yüksek doğurganlık oranına sahip bölgelerde gebe kadınlara yönelik tıbbi-genetik hizmetlerin organizasyonunun iyileştirilmesi. (Türkistan bölgesi örneği)
6	Розбаев Зафар Насруллаевич	Аязбеков Ардақ Керимханович, PhD, доцент м.а.	Ауылдық тұрғындары басым өңірде гипертензиялық бұзылыстары бар жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру	Совершенствование системы организации медицинской помощи беременным с гипертензивными расстройствами в регионе с преимущественно сельским населением	Optimizing the organization of medical care for pregnant women with hypertensive disorders in predominantly rural areas	Ağırlıklı olarak kırsal nüfusa sahip bir bölgede hipertansif bozuklukları olan gebe kadınlara yönelik sağlık hizmetlerinin organizasyon sisteminin geliştirilmesi
7	Бекбосынова	Ошибаева	Қазақстан	Роль	The role of	Kazakistan

	Жанерке Аргинбаевна	Айнаш Есимбековна, м.ғ.к., қауымдастыр ылған профессор	Республикасы ның Жамбыл облысында популяциялық деңгейде жүрек- қантамырлық қауіп-қатерді бағалауда артериялық гипертензияны фенотиптеудің рөлі	фенотипирова ния артериальной гипертензии в оценке сердечно- сосудистого риска на популяционн ом уровне в Жамбылской области Республики Казахстан	arterial hypertension phenotyping in population-level cardiovascular risk assessment in Zhambyl Region, Republic of Kazakhstan	Cumhuriyeti Jambıl Bölgesi'nde populasyon düzeyinde kardiyovasküler riskin değerlendirilmes inde arteriyel hipertansiyon fenotiplendirme sinin rolü
8	Искакова Гулнара Шахзидаевна	Аязбеков Ардақ Керимханови ч, PhD, доцент м.а.	Туу деңгейі жоғары өңірде жатырында тыртығы бар жүкті әйелдерге медициналық көмек көрсетуді жетілдіру (Түркістан облысы мысалында)	Совершенство ование оказания медицинской помощи беременным с рубцами на матке, в условиях региона с высокой рождаемостью (на примере Туркестанско й области)	Optimizing medical care for pregnant women with a uterine scar in a high-fertility region: a case study of Turkestan Region	Yüksek doğum oranına sahip bir bölgede rahim skarı bulunan hamile kadınlara sunulan sağlık hizmetinin iyileştirilmesi (Türkistan bölgesi örneğinde)
9	Скендерова Шахиста Уалиханқызы	Саруаров Ерболат Ғалымжанови ч PhD, қауымдастыр ылған профессор м.а.	Метаболизмді к синдромның элеуметтік депривациялы қ факторлары, өмір сүру сапасының деңгейі және олардың кардиоваскуля рлық қауіппен байланысы.	Социально- депривационн ые факторы метаболическ ого синдрома, уровень качества жизни и их связь с сердечно- сосудистым риском.	Social deprivation factors of metabolic syndrome, the level of quality of life, and their association with cardiovascular risk.	Metabolik sendromun sosyal yoksunluk faktörleri, yaşam kalitesinin düzeyi ve bunların kardiyovasküler risk ile ilişkisi.
10	Ирисметов Сирожддин Мухаммадами нович	1. Жолдасова Нургуль Жанабаевна, м.ғ.к., қауымдастыр ылған профессор м.а. 2. Саруаров Ерболат Ғалымжанұлы, PhD, қауымдастыр ылған	Түркістан өңірінің ересек тұрғындарынд а стоматологиял ық денсаулық пен метаболикалы қ синдром арасындағы өзара байланыс, стоматологиял ық күтім деңгейі мен	Взаимосвязь между здоровьем зубов и метаболическ им синдромом у взрослого населения Туркестанско го региона, уровень стоматологич еской помощи и ее	Relationship between dental health and metabolic syndrome in the adult population of Turkestan Region, and the impact of dental care quality on patients' quality of life	Türkistan bölgesindeki yetişkin nüfusta diş sağlığı ile metabolik sendrom arasındaki ilişki, diş bakım düzeyi ve hastaların yaşam kalitesi üzerindeki etkisi

		профессор м.а.	пациенттердің өмір сапасына әсері	влияние на качество жизни пациентов		
11	Алдияр Амандияр Дестиярұлы	Есиркепов Марлен Махмудович, м.ғ.к., профессор	Халықаралық сапа критерийлері негізінде қазақстандық медициналық ғылыми журналдардың рейтингін қалыптастыру дың әдіснамалық негіздері	Методологич еские основы формировани я рейтинга казахстанских медицинских научных журналов на основе международн ых критериев качества	Methodological foundations for developing a ranking of Kazakhstani medical scientific journals based on international quality criteria	Uluslararası kalite kriterlerine dayalı olarak Kazakistan tıbbi bilimsel dergilerinin sıralamasını oluşturmanın metodolojik temelleri
12	Назарова Лаззат Кенесбековна	Нускабаева Гулназ Оразбековна м.ғ.к., қауымдастыр ылған профессор	Түркістан өңірінің ересек тұрғындар арасындағы оқшауланған абдоминаль ды семіздіктің эпидемиологи ялық және психосәлемет тік аспектілері	Эпидемиолог ические и психосоциаль ные аспекты изолированно го абдоминально го ожирения у взрослого населения Туркестанско го региона	Epidemiological and psychosocial aspects of isolated abdominal obesity among the adult population of Turkestan Region	Türkistan bölgesindeki yetişkin nüfus arasında izole karın obezitesinin epidemiyolojik ve psikososyal yönleri.

№	ТАӘ	БББ	Тақырып атауы
1	Азизбеков Толқын Сәулебекұлы	7М10131- Медицина, 1 курс	Қазақстанның онкологиялық қызметінде сүт безі қатерлі ісігіндегі болжамдық шкалаларының тиімділігі
2	Ағабекова Айдана Үрбиханқызы		Түркістан өңірінің ересек тұрғындарында гингивиттің ауырлық дәрежесі мен көмірсу алмасу көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты зерттеу
3	Бекеева Дилраба Низамиддиновна		Медицина студенттерінің психоневрологиялық жағдайына ұйқының бұзылуы мен циркадтық ырғақтардың әсерін зерттеу
4	Аллашова Малика Мавлановна		Түркістан облысында ұрықтың туа біткен ақаулары мен хромосомалық аномалияларды ерте диагностикалауды оңтайландыру.
5	Құдайберген Назерке Абайқызы	7М10131- Медицина, 2 курс	Артериялық гипертензиясы және абдоминальды семіздігі бар науқастардың өміру сүру сапасын қан қысымы деңгейіне байланысты бағалау
6	Калдыбаева Назира Батырбековна		Шала туылған балалардағы орталық жүйке жүйесінің перинатальдық зақымдануының ерекшеліктері
7	Аужан Самал Бауыржанқызы	7М10144- ҚДС, 1 курс	Түркістан облысындағы репродуктивті жастағы әйелдер арасында прегравидарлық дайындық шараларының тиімділігін әлеуметтік-гигиеналық тұрғыдан бағалау
8	Бекжан Марал Абдиманатқызы		Түркістан облысының ересек халқы арасында өтас ауруының алдын алу: медициналық-әлеуметтік факторлар және профилактикалық іс-шаралардың тиімділігі
9	Турымбекова Раушан Елбосыновна		Түркістан облысы әйелдерінің мысалында жүктілік асқынуларының қауіп факторларының бірі ретінде D дәрумені тапшылығын эпидемиологиялық тұрғыдан

ШЕШІМ 2: Факультет отырысында ұсынылып мақұлданған тақырыптар, ғылыми жетекшілер және пікір берушілер университеттің ОӘК-ге бекітуге ұсынылсын.

3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру. Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

1-5 курс координаторы оқытушы Бабажанова У.М. сөз алып: Білім беру бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін факультеттің профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісінде оқытудың инновациялық әдістерін қолданып студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруды тәжірибеге айналдыру қажет. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруға жауапты ОПК тағайындау керектігін айтып өтті.

ШЕШІМ 3: Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру назарға алынсын.

4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмінің кафедраларда жүзеге асырылу жағдайы туралы. Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

Осы мәселе бойынша факультеттің ААК төрайымы Б.Т.Тастемирова сөз алып, білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмінің кафедраларда жүзеге асырылу жағдайы туралы баяндады. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейінің барысы пән оқытушысы және кафедра меңгерушісі тарапынан қадағаланып отырады.

ШЕШІМ 4.: Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру барысы туралы мәліметтер назарға алынсын және қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы. Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

Факультеттің ОӘК төрағасы Тастемирова Б.Т.: 2025-2026 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, дайындаудың 2025-2026 оқу жылында жүргізілетін білім беру бағдарламасы негізінде және УЕ-ХҚТУ-036-2019 Білім беру бағдарламасыны және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі талаптарына сәйкес әзірлену керектігіне тоқталды.

ШЕШІМ 5: 2025-2026 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендері қамтамасыз етілісін.

6. Әртүрлі мәселелер.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



Б.Т.Тастемирова